

**Желдибаева Райгуль Сериковнаның
8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
ұсынылған «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы
диссертациясына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертацияның тақырыбы Қазақстан Республикасы білім берудегі заңдық құжаттар мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Тақырыпты ашуда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылы бекіткен «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының «Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру» міндетінің үшінші іс-шарасы ретінде дағдылар мен құзыреттіліктерді дамыту бойынша үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету, оның ішінде техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектерін қолдау және «апгрейд», «Педагог» кәсіптік стандартында көрсетілген болашақ педагог-психологтардың кәсіби даярлығын қамтамасыз ету мәселелері негізге алынған. Аталған құжаттардағы міндеттер қарастырылып отырған зерттеу жұмысының өзектілігін дәлелдейді.</p> <p>Р.С. Желдибаеваның зерттеу жұмысы жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрамы мен мәнін, оларды практикалық тәжірибеде қолдануын, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған педагогикалық ғылым дамуындағы өзекті мәселелерді қамтиды.</p>
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен	Райгуль Сериковна Желдибаеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.

		<p>нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Р. Желдибаеваның қол жеткізген ғылыми-практикалық нәтижелері педагогика ғылымының дамуына: соның ішінде жаһандану жағдайында мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамыту, болашақ педагог-психологтарды кәсіби даярлау мәселелерін шешудегі психологиялық, педагогикалық, әдістемелік саладағы теориялық білімдердің дамуына айтарлықтай үлес қосады. Өйткені:</p> <p><i>Біріншіден</i>, диссертант зерттеу жұмысында жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды зерттеу мен жүзеге асыруға негіз болатын теориялық-әдіснамалық бағдарларды анықтаған.</p> <p><i>Екіншіден</i>, «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі» ұғымын нақтылау барысында, «жаһандану», «жаһандық білім беру», «кұзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының мәнін айқындаған. Сонымен қатар жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрамын анықтаған.</p> <p><i>Үшіншіден</i>, «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дегеніміз олардың диагностикалық, коррекциялық, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу функцияларын жүзеге асырудағы жаһандық білім беру талаптарына сәйкес гумандық ұстанымдағы толеранттылық тұлғалық сапасы мен инновациялық, дүниетанымдық білім, білік, дағдыларының кіріктірілген жиынтығы» деп авторлық анықтамасын берген. Оның мәндік сипаттамасын негіздеген.</p>

			<p>Сондай-ақ, үш құрамдас бөліктен тұратын құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеген. Модельді жүзеге асырудың тиімділігін айқындайтын психологиялық-педагогикалық шарттарды және оларды жүзеге асыруға арналған іс-шаралар жиынтығын қарастырған. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтаған.</p> <p><i>Төртіншіден,</i> жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесін әзірлеген және оның практикадағы тиімділігін растаған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Райгуль Желдибаеваның диссертациялық жұмысы өз бетімен дербес, түсінікті ғылыми тілмен жазылған еңбек. Жұмыс мазмұны ұғынықты, <i>жоғары</i> деңгейде жазылған. Диссертант теориялық тұжырымдарын қалыптастыруда, оларға қатысты оқу материалдарын, зерттеулерді жан-жақты талдаған, өзіндік ойын түйіндеп берген. Зерттеудің негізгі ұғымдарын өз түсініктерімен, авторлық анықтамасымен нақтылаған.</p> <p>Сонымен қатар, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың теориясы мен практикасы қарастырылған. Отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдар еңбегіне терең талдау жасалған, зерттеулер бойынша өзіндік оймен қорытындылаған. Тәжірибелік-эксперименттік жұмысын дәлелді фактілермен баяндаған. ЖОО педагогикалық тәжірибесі негізінде мәселені шешудің жана жолдарын ұсынған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертация өзектілігінің <i>дәлелі негізделген</i>. Зерттеу барысында диссертанттың мемлекеттік бағдарламаларға, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге және практикаға жасаған терең талдауы нәтижесінде жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды зерттеу қажеттілігі мен осы процесті ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандыру барысында бірқатар қарама-қайшылықтарды анықтаған. Олар:</p>

			<p>- болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін жаһандық талаптарға сәйкес дамытуға қоғамның сұранысы мен оны дамытуға болашақ педагог-психологтардың дайындығы мәселесінің зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі арасында;</p> <p>- жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесін зерттеу қажеттілігі мен оның теориялық негіздерінің айқындалмауы арасында;</p> <p>- жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда жоғары оқу орындарында білім беру процесінің жоғары мүмкіндіктері мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмауы арасында.</p> <p>Бұл карама-қайшылықтар диссертацияның зерттеу мәселесінің өзектілігін негіздейді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) айқындайды;</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын <i>толық көлемде айқындайды</i>. Атап айтқанда, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды психологиялық-педагогикалық проблема тұрғысынан негіздеу арқылы, «жаһандану», «жаһандық білім беру», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарын айқындай отырып, «жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі» ұғымын нақтылайды, оның құрамын айқындап, мәндік сипаттамасын негіздейді, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлейді және оны жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындайды, даярлаудың әдістемесін әзірлеп, оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексерістен өткізеді.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертант зерттеу проблемасын шешуде «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды теориялық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру» мақсатын қояды. Оның әрбір зерттеу міндеті осы мақсаттан туындайды:</p>

			<p>1. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі ұғымының мәнін нақтылау.</p> <p>2. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуының көрсеткіштері мен деңгейлерін айқындау.</p> <p>3. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау.</p> <p>4. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертация екі бөлімнен, 8 параграфтан тұрады. Олардың әрбір параграфтары бөлімдеріне сәйкес және бір-бірімен өзара логикалық байланыста құрылған. Атап айтқанда, <i>бірінші бөлімде</i> философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге талдау негізінде жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту теориялық тұрғыдан негізделсе, <i>екінші бөлім</i> жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесін жасау мен оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріп, нәтижелерін баяндауға арналған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Зерттеу барысында автордың салыстырып жүргізген және бағалаған шешімінде <i>сыни талдау</i> бар екені. «жаһандану», «жаһандық білім беру», «кұзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі» ұғымдарын нақтылауда ғалымдардың берген анықтамаларына, ғылыми еңбектердегі түсіндірмелерге талдау жасауы (1-бөлім, § 1.1.1.2) негізінде өз анықтамаларын беруімен, ұғымның құрамын анықтаумен (1 бөлім, § 1.2, Сурет 2), мәндік сипаттамасын негіздеуімен (1 бөлім, § 1.2, Сурет 3) және зерттеу проблемасын шешуді мазмұндауымен, модель әзірлеуімен және оны жүзеге асыру шарттарын айқындаумен (1 бөлім, § 1.4, Сурет</p>

			6), әдістемесін жасауымен (2 бөлім, § 2.3, Сурет 20) негізделеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертант Р.С.Желдибаеваның зерттеу барысында алған ғылыми нәтижелері мен қағидаттары <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p> <p>Диссертанттың қол жеткізген <i>бірінші нәтижесі</i> жаңа, себебі, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту қажеттілігі көрсетілген және осы бағыттағы ғылыми жұмыстар зерделенген; жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің мәні анықталып, құрамы айқындалып, оның сипаттамасы негізделді.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген <i>екінші нәтижесі жаңа</i>, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуының инновациялық, толеранттылық, дүниетанымдық құзыреттерге сәйкес көрсеткіштері мен деңгейлері айқындалды.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген <i>үшінші нәтижесі</i> жаңа, себебі, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалып, тұжырымдамалық, мазмұндық және нәтижелік бөліктерден тұратын құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды.</p> <p>Зерттеу жұмысының төртінші нәтижесі- жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың мотивациялық, білімділік, біліктілік кезеңдерден тұратын әдістемесі <i>жаңа</i>. Өйткені әдістеме жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілікті кезеңдеп дамыту құрылымына сәйкес анықтайды және оны жүзеге асырудың жаңа мазмұнын, педагогикалық тапсырмаларды, оқытудың инновациялық әдістері мен құралдарын, ұйымдастыру формаларын қамтиды.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. Ізденуші зерттеу жұмысын қорытындылай отырып, тақырып бойынша әлі де жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттігін түсінеді және жаһандану жағдайында болашақ</p>

		табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болыптабылады)	мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамыту, болашақ педагог-психологтарды кәсіби даярлау және т.б. проблемалар зерттеудің өзекті мәселесіне айналатындығын көрсетеді және бірқатар ұсыныстар береді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыс гуманитарлық ғылым бойынша орындалғандықтан технологиялық қамтамасыздандырылған және докторант ұсынған шешімдері толығымен жаңа, негізделген болып табылады. Өйткені, «Formation of global competence in the context of higher education» элективті курс бағдарламасы; «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты тренинг; аудиториядан тыс іс-шаралар; педагогикалық тапсырмалар, оқу тапсырмалары, оқу міндеттері; жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздемесі тәжірибелік-эксперимент материалдарымен дәйектелген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдалған нәтижелердің негізі бар және шынайы деп қарауға болады. Себебі, зерттеудің әдіснамалық негіздері мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамаларға және ғылыми теорияларға негізделуімен және қарастырып отырған ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін нақтылаумен, сонымен қатар әртүрлі ғылымдар саласындағы ой-тұжырымдарды саралау арқылы қол жеткізген. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен қорытындылар жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми-тәжірибелік деңгейде <i>негізделген</i> , графикалық статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған және негізгі нәтижелері 10 ғылыми еңбектерде жарияланған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме?	Диссертант Р.С.Желдибаева диссертациялық жұмысы бойынша төрт қағида ұсынған: 7.1 Қағидаттар теориялық, әдістемелік және практикалық зерттеу

	кағидаттар	<p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жок</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жок</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) <u>тар</u>;</p> <p>2) <u>орташа</u>;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жок</u></p>	<p>барысында толығымен дәлелденді.</p> <p>7.2 тривиалды емес, себебі жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда күрделі модель жасалды.</p> <p>7.3 Ия, диссертациялық жұмыстың <i>әрбір қағидасы жаңа</i> болып табылады. Өйткені <i>бірінші қағида</i> авторлық анықтамаларға негізделген. <i>Екінші қағида</i> жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың көрсеткіштері мен деңгейлері инновациялық, толеранттылық, дүниетанымдық құзыреттерінің құрамына сәйкес және Б. Блумның оқу мақсаттарының дәстүрлі классификациясына негізделіп айқындалады және жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуын бағалаудың тиімділігін көрсетеді. <i>Үшінші қағида</i> жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі тұжырымдамалық (мақсаты, әдіснамалық тұғырлар, жаһандық білім беру принциптері), мазмұндық (дамыту процесінің мазмұны, формалары, әдістері, құралдары, кезендері), нәтижелік (көрсеткіштері, деңгейлері, диагностикалық әдістері) бөліктерінің бірлігін қарастырады. <i>Төртінші қағидада</i> авторлық әдістеме негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.4 Диссертациялық жұмыстың қолданбалық деңгейі зерттеу пәні бойынша жаңа білімді ұсынады, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда қолданылу ауқымы кең.</p> <p>7.5 Диссертацияның негізгі қағидалары 10 мақалада жарық көрген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жок</u></p>	<p>Аталған дамытуды жүзеге асыруда жетекшілікке алатын әдіснамалық тұғырлары (жүйелік, құзыреттілік, іс-әрекеттік) айқындауы ұтымды шыққан. Әдістері дұрыс таңдалған және тиімділігі дәйектелген.</p>

<p>ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу барысында тәжірибелік-эксперимент жұмысы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде және Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде ұйымдастырылған. Зерттеуді сынықтан өткізу барысында шетелдік ғалымдардың бейімделген авторлық сауалнамалары, NCSS графикалық және статистикалық бағдарламасы арқылы сәйкестік индексінің есептеулерін ескере отырып, әрбір сауалнаманың мәндік валидациясы жүргізілген. Компоненттердің түйінділігін талдау есепке алынып, құзыреттердің қорытынды моделі валидацияланған. Алынған нәтижелердің сипаттамасы берілген (§ 2.1,2.2,2.4).</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Автордың «модель» ұғымы, оның әрбір құрамдас бөліктері қарастырылған психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жасаған талдауымен, классикалық педагогикалық еңбектерді басшылыққа алуымен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық <i>модельін</i> жасауы және оны тиімді жүзеге асырудағы психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтауы аталған модельдің тұжырымдамалық (мақсаты, әдіснамалық тұғырлар, жаһандық білім беру принциптері), мазмұндық (дамыту процесінің мазмұны, формалары, әдістері, құралдары, кезеңдері) және нәтижелік (көрсеткіштері, деңгейлері, диагностикалық әдістері) бөліктерден тұруы ұтымды шыққан. Диссертацияда оларға жан-жақты сипаттама берілген. Теориялық тұжырымдар, құрылымдық-мазмұндық модель эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Пайдаланылған 206 әдебиеттер тізімі саралаумен және шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Диссертацияның <i>теориялық маңызы</i> бар. Себебі, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін жаһандық талаптарға сәйкес дамыту маңыздылығымен анықталған. Автор зерттеу проблемасының теориялық негіздерін айқындап, «жаһандану», «жаһандық білім беру», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарын айқындай отырып, «жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі» ұғымын нақтылаған, оның құрамын айқындап, мәндік сипаттамасын негіздеген, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеген және оны жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындап, даярлаудың әдістемесін жасауы зерттеудің <i>теориялық құндылығының жоғары</i> екендігін дәлелдейді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Р.С.Желдибаеваның диссертациясының практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі <i>жоғары</i> . Оған дәлел, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында жасалған «Formation of global competence in the context of higher education» элективті курс бағдарламасы; «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты тренинг; «Secret of success of educational psychologist» ашық есік күндері мен «10 сұхбат» аудиториядан тыс іс-шаралары аталған проблеманы нәтижелі шешуге ықпал етеді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жана (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жана болып табылады)	Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Әсіресе, автор әзірлеген «Formation of global competence in the context of higher education» элективті курс бағдарламасы; «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты тренинг; аудиториядан тыс іс-шаралар; педагогикалық тапсырмалар, оқу

			тапсырмалары диссертанттың негізгі қағидаларының ЖОО деңгейінде ұсынылуы айғақтайды. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстарды жоғары оқу орындарының және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарында тақырыптық іс-шаралар өткізуде негізге алуға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Р.С.Желдибаева академиялық жазуға төселген, ғылыми стильді ұстанып зерттеу жұмысын орындаған. Диссертациялық жұмыстың құрылымын ресімдеу белгіленген талаптарға сәйкес орындалған. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс жүйелі түрғыда жазылған және академиялық жазу сапасы жоғары.

Шешім: Райгуль Сериковна Желдибаеваның 8D01101- Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациясы аяқталған және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны камтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент,
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау
университетінің қауымдастырылған
профессоры, философия докторы (PhD)



К.О. Оразбаева

